

АТЫРАУ ВАГОН ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ БАЗАСЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУЫ – ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК. СОНАУ БІР ЖЫЛДАРҒА БІЗ ВАГОНДАРДЫ РЕСЕЙДЕН, БЕЛОРУССИЯДАН, БАСҚА ДА ЕЛДЕРДЕН САТЫП АЛЫП ЖҮРГЕН ЕДІК. АЛ ЕНДІ ЖАҢА КӘСІПОРЫНДА ВАГОН ДОҒАЛАҚТАРЫНАН БАСТАП, ТОЛЫҚ ЦИКЛДІ ӘРТҮРЛІ ЖҮК ВАГОНДАРЫН ӨЗ ЖЕРІМІЗДЕ ҚҰРАСТЫРУҒА МҮМКІНДІК ТУДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ ЗАМАНАУИ ОСЫНДАЙ ОРТАЛЫҚТАН СЫНАҚТАН ӨТКЕН ВАГОНДАРДЫҢ САПАСЫ ЖАҚСЫ БОЛАТЫНЫ СӨЗСІЗ.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
KAZLOGISTICS Қазақстан көлікшілер одағының Бас директоры



№54 (3201)
17/07/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ФОРУМ В ШАНХАЕ: НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ВОЗМОЖНОСТИ

В городе Шанхае (КНР) состоялся международный бизнес-форум «Казахстан – Китай: транспортно-логистическое сотрудничество и электронная коммерция – новые технологии, новые возможности», организованный АО «НК «Қазақстан темір жолы».

В работе форума приняли участие председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов, заместитель руководителя Администрации Президента РК Асель Жанасова, помощник Президента РК по вопросам цифровизации Куанышбек Есекеев и другие.

В рамках бизнес-форума руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» провело серию двусторонних встреч с руководителями крупнейших транспортно-логистических и технологических компаний Китая.

Основными темами обсуждения стали дальнейшее развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута (Среднего коридора), увеличение объемов перевозок, реализация совместных инфраструктурных и логистических проектов, цифровизация транспортных процессов, внедрение технологий искусственного интеллекта и расширение инвестиционного сотрудничества.

– Конкурентоспособность транспортных маршрутов сегодня зависит уже не только от инфраструктуры. Все большую роль играют данные, цифровизация транспортных процессов, искусственный интеллект, которые становятся ключевыми факторами повышения эффективности перевозок,



скорости принятия решений и качества логистических сервисов, – в своем выступлении на бизнес-форуме отметил председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов.

По итогам проведенных встреч стороны подтвердили взаимную заинтересованность в расширении стратегического транспортно-логистического сотрудничества, реализации совместных инфраструктурных проектов и внедрении современных цифровых технологий.

Развитие сотрудничества с китайскими партнерами будет способствовать укреплению роли Казахстана как ключевого транзитного хаба Евразии и повышению конкурентоспособности Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Также в рамках мероприятия подписан пакет соглашений с китайскими партнерами о сотруд-

ничестве в сфере ИТ-инфраструктуры, портовой и терминальной логистики, судостроения, цифровизации транспортных процессов и развития международных транспортных коридоров.

Общая сумма подписанных документов оценивается примерно в 400 миллионов долларов, часть контрактов номинирована в юанях и тенге.

В частности, АО «НК «Қазақстан темір жолы» подписало документы с China Harbour Engineering Company Ltd, Sichuan Port and Shipping Investment Group Co., Ltd., COSCO Shipping Container Lines Co., Ltd., Global DTC Kazakhstan Ltd., NIZE Intelligent Technology Co., Ltd., China Railway Container Transport Co., Ltd., ООО «Группа компаний «Порт Ляньюньган», Jiangsu Haizhongzhou Shipping Industry Co., Ltd., а также ТОО «Хуавей Текнолоджиз Казахстан».

Жаныбек КЕНЕС

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



Астана қаласында China Economic Information Service (CEIS) ұйымының «Синьхуа» агенттігінің ақпараттық қолдауымен және BRI International Green Development Coalition ұйымымен бірлесіп ұйымдастырған Outstanding ESG Cases in Central Asia халықаралық конференциясы өтті.

Конференция аясында Орталық Азия елдері кәсіпорындарының үздік 60 ESG-кейсі таныстырылды.

Халықаралық сарапшылар қауымдастығы мен Қытай және Орталық Азия елдерінің талдау орталықтарының сараптамалық бағалау қорытындысы бойынша ҚТЖ-да корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты аясында жүзеге асырылып жатқан «Қолайлы еңбек жағдайларын жасау» бағдарламасы Орталық Азиядағы үздік 25 ESG-тәжірибенің қатарына енді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тәжірибесі «Орталық Азияның үздік 13 ESG-тәжірибесі» жинағына енгізілді. Бұл – компанияның тұрақты бизнесті дамыту, қызметкерлерге қамқорлық көрсету және үздік әлеуметтік бастамаларды енгізу бағытында жүргізіп отырған жұмысының тиімділігін мойындаудың айқын дәлелі.

Бекзат МҰҚАШЕВ

ИТ-ПЛАТФОРМА ҚТЖ



АО «НК «Қазақстан темір жолы» ввело в промышленную эксплуатацию информационную систему KTZ Cargo Reporting.

Платформа стала одним из крупнейших ИТ-проектов компании последних лет. Благодаря ее внедрению ҚТЖ отказалось от зарубежного программного обеспечения, использовавшегося более 30 лет, и заменил ранее применявшуюся систему ЕКиОДВ собственной казахстанской разработкой. Это позволило обеспечить технологическую независимость и повысить эффективность управления перевозочными данными.

Новая система построена на современной микросервисной архитектуре и объединяет централизованное хранилище данных, инструменты автоматизированного контроля информации, интеграцию с корпоративными системами, а также средства аналитики и формирования отчетности.

По данным ҚТЖ, внедрение KTZ Cargo Reporting ускорило обработку перевозочных данных, сократило сроки подготовки аналитической отчетности, повысило качество контроля информации и позволило автоматизировать ряд бизнес-процессов.

В дальнейшем функционал платформы планируется расширять, развивая аналитические возможности и внедряя интеллектуальные инструменты обработки данных.

Айлин БАУРЖАН

ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ АРТҚАН



Қазақстан мен Қытай арасында жүк тасымалының көлемі артып отыр. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысы бойынша ол 18,7 млн тоннаға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9%-ға өскен.

Жүк тасымалының екі бағытында да оң динамика байқалады. Алты айдың қорытындысы бойынша Қытайдан Қазақстанға 7,0 млн тонна жүк тасымалданып, өткен жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 9%-ға артты.

Ал Қазақстаннан Қытай бағытына 11,7 млн тонна жүк жөнелтіліп, бұл да өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 10%-ға жоғары болды. Оның ішінде Қытайға экспорттық тасымалдар: кен, құрама жем, қара және түсті металдар, астық, мұнай және мұнай өнімдері, сондай-ақ басқа да жүктер 8,5 млн тоннаны құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға өсті.

Жүк тасымалы көлемінің артуына екі елдің теміржол әкімшіліктері арасындағы жүйелі өзара ынтымақтастық ықпал етуде. Шекара маңындағы инфрақұрылымды дамытуға, шекаралық өткелдердің өткізу қабілетін арттыруға және жүк тасымалы көлемін одан әрі ұлғайтуға қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударылууда.

Ислам ТАЛҒАТ



Ержан ЖАНАЛИЕВ,
менеджер департамента
социальной политики
АО «НК «ҚТЖ»:

НАША ЗАДАЧА – ПОМОЧЬ СЕМЬЯМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ И СДЕЛАТЬ ТАК, ЧТОБЫ ДЕТИ С ХОРОШИМ НАСТРОЕНИЕМ НАЧАЛИ СВОЙ ПЕРВЫЙ УЧЕБНЫЙ ГОД. ПОЭТОМУ ЕЖЕГОДНАЯ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНАЯ АКЦИЯ «СОБЕРЕМ ДЕТЕЙ В ШКОЛУ» ОБЪЕДИНЯЕТ ЛЮДЕЙ, А УЧАСТИЕ ВОЛОНТЕРОВ И ДЕТЕЙ НАШИХ РАБОТНИКОВ ПОКАЗЫВАЕТ, ЧТО ВЗАИМОПОМОЩЬ И ДОБРЫЕ ДЕЛА ЯВЛЯЮТСЯ ЧАСТЬЮ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ ҚТЖ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПОЧТИ
6,8 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО ЧЕРЕЗ СТАНЦИЮ АЛТЫНКОЛЬ С НАЧАЛА ГОДА.

СЕРВИС СОПРОВОЖДЕНИЯ ПАССАЖИРОВ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ ВНЕДРИЛИ НА

64
ВОКЗАЛАХ КАЗАХСТАНА.

730
ПЕРВОКЛАССНИКОВ ИЗ МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ПОЛУЧАТ ШКОЛЬНЫЕ РЮКЗАКИ С КАНЦЕЛЯРСКИМИ ПРИНАДЛЕЖНОСТЯМИ В РАМКАХ АКЦИИ «СОБЕРЕМ ДЕТЕЙ В ШКОЛУ».

Актуально

КАЗАХСТАН УСКОРЯЕТ РАЗВИТИЕ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ

До конца текущего года в Казахстане планируется завершить строительство стратегически важных железнодорожных линий: Дарбаза – Мактаарал и Мойынты – Кызылжар, а также продолжить крупнейшую за годы независимости программу модернизации железнодорожных вокзалов. Эти задачи были обозначены на заседании Правительства, посвященном развитию транспортной отрасли.

 **Руслан РАХМЕТОВ,**
Астана

Премьер-министр Казахстана Олжас Бектенов подчеркнул, что развитие железнодорожной инфраструктуры остается одним из ключевых факторов укрепления транзитного потенциала страны.

– Министерству транспорта совместно с АО «НК «ҚТЖ» требуется завершить до конца года строительство ключевых железнодорожных линий – Дарбаза – Мактаарал и Мойынты – Кызылжар, а также реконструкцию вокзалов. Для увеличения мультимодального транзита необходима цифровая трансформация транспортной отрасли. Министерству транспорта совместно с Министерством искусственного интеллекта необходимо обеспечить внедрение современных инструментов с последующей их интеграцией в единое озеро данных Smart Data Transport. Это позволит повысить прозрачность отрасли и активно внедрять решения на основе искусственного интеллекта, – поручил глава Правительства.

Министр транспорта РК Нурлан

Сауранбаев отметил, что транспортный комплекс остается одним из драйверов роста экономики. За последние пять лет объем валовой продукции отрасли вырос в три раза, а по итогам текущего года ожидается на уровне 14,3 триллиона тенге.

Значительный вклад в этот результат вносит железнодорожная отрасль. По прогнозам, объем ее продукции по итогам года достигнет 3,3 триллиона тенге, увеличившись в 3,4 раза.

Для дальнейшего наращивания пропускной способности сети сегодня строятся 754 километра новых железнодорожных линий, одновременно модернизируется около трех тысяч километров существующих путей. Уже в этом году планируется завершить строительство участков Мойынты – Кызылжар и Дарбаза – Мактаарал, что позволит повысить эффективность перевозок и создать дополнительные возможности для роста международного транзита.

Одновременно формируется задел для следующего этапа развития сети. Министерство транспорта приступает к реализации новых инфраструктурных проектов, вклю-

чая строительство третьего главного пути на участке Астана – Караганда и второго пути Арыс – Казалы. Также запланирована модернизация направлений Кызылжар – Шубарколь – Есиль и Индербор – Макат, ведется подготовка к реализации проектов Индербор – Уральск и Караганда – Карағайлы.

Параллельно продолжается обновление пассажирской инфраструктуры. В рамках крупнейшей социальной программы модернизируются 124 железнодорожных вокзала во всех регионах страны. Работы выполняются по утвержденному графику и направлены на повышение комфорта, безопасности и доступности вокзальных комплексов.

Важной составляющей развития отрасли становится цифровизация. Все профильные сервисы уже объединены в национальной транспортной системе «е-Көлік». По словам Нурлана Сауранбаева, принимаемые меры направлены на сокращение времени прохождения государственной границы, полный переход на электронный документооборот и дальнейшее укрепление транзитного потенциала страны.

ҚУАТТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

KTZE – Khorgos Gateway құрғақ порты тоғыз 1520 мм калибрлі сұрыптау жолдарын және ағымдық ағытып жөндеу базасын іске қосу арқылы жүктерді өңдеу қуатын арттырды.

2025 жылдың қыркүйегінде енгізілген жаңа инфрақұрылым терминалдың тиеу қабілетін жылына 540 мыңнан 800 мың ДФЭ-ге (TEU) (эквивалентте бір 20 футтық контейнерге тең) немесе 48%-ға арттыруға мүмкіндік берді.

Жаңа жолдар пайдалануға берілгені 9 айда онда 1 300-ге жуық вагон сақталды, 500-ден астам вагонға ағымдық ағытып жөндеу жұмыстары жүргізілді және теміржол платформаларына 10 мыңнан астам автомобиль тиелді.

Сұрыптау жолдары әрқайсы-



сының ұзындығы 57 шартты вагонға дейін жететін тоғыз теміржол құрамын бір уақытта қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл вагондарды бағыттар бойынша жинақтауды және сұрып-

тауды, сондай-ақ магистральдық желі инфрақұрылымын босатуды күтпей, контейнерлік пойыздарды қалыптастыруды жеделдетеді.

Жаңа инфрақұрылым сонымен қатар жылжымалы құрамның тоқтап қалуын азайтады, вагон паркін пайдалану тиімділігін арттырады және бос вагондардың жинақталуын қамтамасыз етеді, бұл ең жоғары сұраныс кезеңінде бос вагондардың тапшылығы қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру Khorgos Gateway өндірістік мүмкіндіктерін нығайтты және Қытай – Қазақстан – Орталық Азия – Еуропа бағдарындағы негізгі көлік-логистикалық тораптардың бірінің өткізу қабілетін арттырды.

Ұлан ОРАЗ

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМ ӨМІРІ



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана



ҚОҒАМ

Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Конституциясы 1 шілдеден бастап күшіне енді.



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры Мұрат Әбдірахманов жаңа Конституцияның негізгі ережелері мен өзгерістерге қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

– Қабылданған Конституция еліміздің қазіргі саяси-құқықтық даму кезеңін көрсетеді және адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын ту еткен Әділетті Қазақстанның конституциялық құндылықтарын нақты бекітеді. Елдің базалық Заңының құрылымы мен мағыналық мазмұны қазіргі заманғы шындықтар мен қоғамдық сұранысты ескере отырып, конституциялық моделді кешенді және ішкі үйлесімді жаңарту негізінде тұжырымдамалық тұрғыда қайта қаралды. Конституция Қазақстан Республикасын дамыту және жаңғыртудың ұзақмерзімді стратегиясының берік іргетасы болуға арналған. Базалық Заң Кіріспеден, 11 бөлімнен және 96 баптан тұрады. Конституцияның Кіріспесі – елдің осы және болашағы үшін бағдар болатын ұлттық құндылықтар мен ең жоғары мақсаттардың көрінісі, – деп атап өтті Мұрат Болатұлы.

Кездесуге қатысушылар ашық диалог пен конституциялық-құқықтық реформалар туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу мүмкіндігіне ие болды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ӘРІПТЕСТЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ИГІЛІК

Өткен айдың соңында жаңадан салынып, пайдалануға берілген Ганюшкино теміржол вокзалы қала халқы мен Құрманғазы ауданының тұрғындарын қуанышқа бөледі.

Вокзал бүгінде толық көлемде жолаушыларға қызмет көрсетіп, жаңадан ашылған қос касса-да билет сатылып жатыр. Соған орай «Жолаушылар тасымалы» АҚ Атырау



телімі бастығының міндетін атқарушы Данияр Күтепов пен Атырау вокзалының касса меңгерушісі Ажар Ахметова Ганюшкино вокзал қызметкерлерін жаңа қоныспен арнайы құттықтап келді.

– Екі елдің шекарасына жақын орналасқан бұл вокзалдың жаңа ғимаратқа ие болуы үлкен қуаныш. Мұнда тек өзіміздің ғана емес, халықаралық бағыттағы пойыздар да аялдап, айына жүздеген жолаушы өтеді. Ал жаңа да жарық вокзалдың және билет кассаларының жолаушыларға лайықты қызмет ететініне сенеміз, – деген Данияр Күтепов вокзал бастығы Елена Алиеваға гүл шоғын сыйлады.

Айта кетсек, Ганюшкино жаңа вокзалының жалпы көлемі 800 шаршы метр. Оның ішінде 150 орындық күту залы, мүгедек адамдарға арналған бөлек күту залы, медпункт, вокзал кезекшісінің бөлмесі, екі билет кассасы, полиция бөлімшесі, жолаушыларға арналған жүк қоймасы, т.б. бар. Вокзал айналасы абаттандырылып, жас көшеттер отырғызылған. Касса қызметкерлерінің айтуынша, жарты жылда Атырау-Ганюшкино арасына тек бір бағыттың өзіне 2 мыңдай, ал Атырау мен Астанаға 7 мыңдай жолаушы қатынаған.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН ЕСКЕ САЛДЫ



Ұлан ОРАЗ,
Астана



ПРОФИЛАКТИКА

Көліктегі ПД әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері Астана-1 теміржол вокзалы аумағында профилактикалық іс-шара өткізді.

Кездесуге балалар мен жасөспірімдер қатысып, тәртіп сақшылары оларға теміржол көлігі нысандарында өзін қауіпсіз ұстау қағидаларын қарапайым әрі түсінікті түрде түсіндірді.

Көлік полицейлері темір жолдың қауіптілігі жоғары аймақ екенін түсіндіріп, темір жол маңында ойнаудың салдары, темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өтуге болмайтындығы, сондай-ақ вагондарға және теміржол инфрақұрылымының өзге де нысандарына шығудың қауіптілігі туралы айтып берді. Тіпті бір сәттік абайсыздықтың өзі орны толмас қайғылы жағдайларға әкеп соғуы мүмкін екеніне ерекше назар аударылды.

Полицияның мәліметінше, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өткені үшін 27 мыңнан астам азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, жарақаттану оқиғалары әлі де тіркелуде. Есепті кезеңде теміржол көлігі нысандарында 34 адам жарақат алып, олардың алтауы балалар болған.

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Семей магистральдық желі бөлімшесінің теміржолшылары биылғы жартыжылдықты нәтижелі жұмыстармен қорытындылады. Қызметтік саладағы барлық бағыттар бойынша оң динамика бар.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Дегенмен атқарылар шаралар легі әлі алда. Себебі жарты жыл ішінде қолға алынған жаңа бастамалар мен тың жобалардың нақты қорытындысы жыл соңында шығарылады. Жазғы жол күтімі, теміржол инфрақұрылымдарын жаңарту, әлеуметтік саладағы басымдықтар бойынша басталған барлық істер қарқын алып келеді.

– Биылғы жылы бөлімше бойынша төрт негізгі жобаға айрықша басымдық берілуде. Атап айтсақ, Бақты – Аягөз телімінің құрылысы, вокзалдар реконструкциясы, Ақсу – Жаңа-Семей

учаскесі инфрақұрылымын жаңғырту және Семей қаласындағы Қарағайлы ықшам ауданынан теміржолшыларға арнап жаңа тұрғын үй кешенін салу. Негізгі күш осы бағыттарға салынуда, – дейді Семей магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Шәукееханов.

Бөлімше директорының айтуынша, Дегелеңнен Жаңа-Семейге дейінгі аралықтағы теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары алдағы күзде толықтай аяқталмақ. Нәтижесінде телім бойынның өткізу қабілеті заманауи техникалық шешімдерді енгізу есебінен айтарлықтай ұлғайтылатын



болады. Қазіргі таңда жалпы ұзындығы 240 км теміржол бойында цифрлық автоблокировка жүйесі салынып, 5 жаңа жол айрығы пайдалануға берілген. Сонымен қатар қолданыстағы 3 бөлек пунктте қосымша қабылдау-жөнелту жолдары төселіпті.

Ал Бақты – Аягөз телімінің құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Десек те, жартыжылдықтағы жоспарлы шаралардан бөлек екінші кезектегі елеулі жобалар да кезек күтіп тұр. Мәселен, тағмыз айының соңында Аягөз өңірі

бойынша 12,5 км телімге күрделі жөндеу жүргізіліп, бағыттамалы бурмалар жаңартылады. Жоспар бойынша бұл құрылыстың екі ай мерзім ішінде аяқтау қажет. Оның сыртында Өскемен өңірі бойынша күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары да бар. Қажетті ресурстар мен техникалық даярлық жұмыстары қазіргі күннен бастап пысықталуда. Бұл ретте НЖС-6 бөлімшесінің өндірістік-техникалық бөлімі мен жол бөлімінің мамандары жұмыс жүргізуде.

Суретті түсірген автор

Өнертабыс

ЕҢБЕК ПРОЦЕСІН ОҢТАЙЛАНДЫРҒАН ЖОБА

Теміржол саласының құрылымдық бөлімшелерінде қолданыстағы технологияны жетілдіру арқылы қалыптасқан жұмыс жүйесіне өзгеріс енгізіп қана қоймай, өндірісте экономикалық тиімділікке қол жеткізіп жүрген мамандар аз емес. Олар енгізген рационализаторлық ұсыныстар тәжірибеде шығындарды азайтып, процесті жеделдетіп отыр.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Сондай жобаның бірі «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалына қарасты Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорныда табысты жүзеге асуда. Еңбек процесін оңтайландырған бұл идея биылғы «Үздік рационализатор» конкурсында жүлде алды. Мамандардың айтуынша, «РВС-100» және «РВС-120» 5 қабатты тасымалдаушы құрамдарынан рельстерді түсіруге арналған құрылғыны рельс төселейтін жерде ұзын өлшемдерді рельс плетін дәнекерлеудің жаңа технологиясын ұйымдастыру үшін қолдану» тәсілінің экономикалық тиімділігі 215 571 000 мың теңгені құраған.

– Астана қаласында өткен «Рационализаторлық – техникалық дамудың негізі» конференциясында «Үздік рационализатор» конкурсының қорытындысы шығарылып, озық идеялардың авторлары марапатталды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның бас инженері Рамазан Садырқұлов, «Самға» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығының бас директоры Төлеген Орашев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаментінің директоры Дмитрий Потлов, тағы басқа лауазымды тұлғалар қатысқан жиында біздің кәсіпорын I дәрежелі дипломен марапатталып, 389 250 теңге ақшалай сертификатқа ие болды. Үздік атанған рационализаторлық ұсыныстың авторлары – зейнеткер Алтай Оңдабаев, Павлодар КЭЦ директорының орынбасары

М.Макимов және Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының бас механигі Жанат Беспиев.

Рационализаторлық ұсыныстың сипаттамасына тоқталсам, Рельс дәнекерлеу кәсіпорны бұрын қолданыстағы 25, 100, 120 метрлік рельстерді дәнекерлеп келген. Кейін Ақтөбе рельсарқалық зауыты ұзындығы 100 және 120 метрлік рельстерді шығара бастаған соң, РСР-1 және РСР-2 кәсіпорындарында стационарлық жағдайда рельстерді дәнекерлеп, қайта платформаларға тиіп, тасымалдайтын болды. Жұмыс процесін жеңілдету әрі тасымалдау шығынын азайту үшін біз Ақтөбеден келетін рельстерді кәсіпорынға әкелмей, жөндеу жүргізіліп жатқан учаскелерге бірден апарып, сол жерде ЖРДМ (жылжымалы рельс дәнекерлеу машинасымен) арқылы аломотермиттік әдіс бойынша рельстерді төсеу орнында дәнекерлеп біріктіруді ұсындық, – дейді Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының инженер-метролог – эколог-рационализаторы Дәулетхан Шүкеев.

Мамандар жүргізген есептерге жүгінсек, бұл жағдайда РСР базасында РВС-100, 120 құрамынан рельсті қайта түсіру және РВС-800 бір деңгейлі рельс тасымалдаушы құрамымен тасымалдау шығындары едәуір қысқартылады. Осы тәсіл тәжірибе жүзінде тиімділігін көрсеткеннен кейін РВС-100 5 қабатты құрамынан 100 метрлік рельстерді шеткі әдіспен түсіру үшін екі төмендеткіш тірктен және қосымша бөлшектерден тұратын рационализаторлық ұсыныс әзірленген.



Дәулетхан Жүнісәліұлының сөзіне сүйенсек, осы тәсілді енгізу арқылы рельстерді төсеу орнында түсіру кезінде тасымалдау тарифтері бойынша айтарлықтай экономикалық тиімділікке қол жеткізуге, жұмыс процесі жеделдетуге мүмкіндік туған. Үздіксіз өндіріс өз кезегінде еңбек өнімділігін арттыратыны түсінікті. Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының директоры Бахтияр Түлеков барлық рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізіп, тәжірибе жүзінде сынап көруге мүмкіндік беріп қолдап отыратыны да өнертапқыштарға шығармашылық еркіндік беріп отыр екен. Өйткені бұл кәсіпорында өндіріске енгізіліп, үздік деп танылған алғашқы жоба емес. Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының рационализаторлық ұсыныстары үш жыл қатарынан ҚТЖ бойынша жүлделі орындарға ие болған.

ТОРАПТЫҚ СТАНЦИЯНЫҢ ТЫНЫСЫ



АЙМАҚ

Қызылорданың солтүстігіндегі Сексеуіл тораптық станциясында шілденің шіліңгір ыстығында да қайнаған қызу жұмыс. Тәуліктің қай мезгілі болса да, тепловоздардың үздіксіз сигналы мен вагондардың тарсыл-гүрсілі бір тынбайды. Әрине бұл кез келген станциядағы теміржолдың күнделікті дағдылы жұмысы десек те, оның ар жағында теміржолшылардың жанкешті еңбегі жатыр.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Сексеуіл станциясының бастығы Абдулхамит Тұрмантаев ұсынған бес айлық өндірістік көрсеткіштердің қай-қайсысына да көңіл тоғайды. Биылғы жылдың мамыр айы сексеуілдік теміржолшылар үшін табысты болды. Жүк тиеу жоспары 49 вагон болып белгіленгенімен, межені 75 вагонға жеткізіп, жоспарды айтарлықтай асыра орындады. Ал бес айдың қорытындысында 111 вагонға жүк тиеліп, өндірістік көрсеткіштер мұнда да жоғары болды.

Жүк түсіру жұмыстары да қарқынды жүргізілді. Мамыр айында 674 вагонның жүгін түсіру жоспарланған болса, іс жүзіндегі нәтижеде 718 вагон өңделді. Статистикалық жүктеме де жоғарылаған. Мамыр айында ол 69 вагон-сағатты құраса, бес айдың қорытындысындағы көрсеткіш 64,8 вагон-сағат деңгейінде сақталып отыр. Ал бір жүк операциясы кезінде вагондардың бос тұру уақыты жоспардағы 5,1 сағаттың орнына небәрі 1,81 сағатқа дейін қысқарған. Бұл әрбір минуттың бағасын білетін теміржолшылар еңбегінің жемісі екені анық.

– Сексеуіл станциясы – бірнеше бағытты тоғыстырған маңызды теміржол торабы. Мамыр айында ғана станцияға келген 349



пойыз құрамынан Арыс, Бейнеу, Шалқар және Жезқазған бағыттарына жөнелтілетін 17 481 вагон ажыратылып, қайта жасақталды. Ал бес ай ішінде бұл көрсеткіш 1 617 пойызға 80 386 вагон тіркелуімен нәтижеленген. Жалпы станция теміржолшыларының бәрі өз ісін жетік меңгерген теміржолшылар. Олардың нәтижелі жұмысы біздің ұжымның өндірістік әлеуетін айқындайды, – дейді станция бастығы Абдулхамит Тұрмантаев.

Айтуынша, станциядағы маневр жұмыстарын үйлестіретін диспетчер Асхат Науенов қозғалыс жрағын бес саусақтай шебер меңгерген ымаған. Оның әр шешімі ондаған вагонның қозғалысына ықпал етеді. Ал станция кезекшісі Серік Мырзағұлов күн сайын жүздеген вагондар қозғалысын реттеп, жұмысын ұршықша іріп отырады.

Оның сенімді серігі, станция кезекшісі жанындағы оператор Гүлнұр Серікова да қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапты міндетті абыроймен атқарып келеді. Пойыз құрастырушылар Асылбек Есмамбетов пен Нұрсұлтан Әкібуллаев жылжымалы құрамдардың уақытылы жөнелтілуіне жауап береді.

Парк кезекшілері Нұрдәулет Үдербаев пен Қайрат Мұқанов әр вагонның тұрған орнын, бағытын, міндетін жаңылмай айтып бере алады. Олардың қырағылығы мен тәжірибесі қозғалыстың үздіксіз жүруіне негіз болады. Ал мыңдаған вагондардың құжаттарын мұқият өңдеп, олардың қажетті бағыттарға дер кезінде жөнелтілуін қамтамасыз ететін құжат өңдеу операторы Венера Салмаева мен тауар кассирі Динара Жандәулеттің еңбегі де ерекше құрметке лайық. Көзге көріне бермейтін осы жұмыс дәл әрі нақты жасалмаса, теміржолдағы бірде-бір операция толыққанды жүзеге аспайтыны анық.

Станция бастығының пікіріне біз де толық қосыламыз. Теміржолшы үшін жетістік тек санмен өлшенбейді. Әр вагонның уақытында жөнелтілуі, әр пойыздың қауіпсіз қозғалысы, әр тапсырманың мінсіз орындалуы – басты өлшем.

Суретті түсірген автор

Интервью

ПОРТ КУРЫК РАСКРЫВАЕТ СВОЙ ПОТЕНЦИАЛ КАК КЛЮЧЕВОЕ ЗВЕНО ТМТМ

Итоги 2025 года и первых пяти месяцев 2026 года демонстрируют качественную трансформацию инфраструктуры порта Курык. О том, как модернизация причалов сокращает время обработки судов, где востребовано казахстанское зерно и какие масштабные проекты реализуются прямо сейчас, в интервью рассказал генеральный директор ТОО «Порт Курык» Еркін Нығметов.

– Еркін Талғатұлы, порт Курык сегодня находится в центре внимания международных логистов. Как вы оцениваете позиции порта на евразийском пространстве по итогам 2025-го и начала 2026 года?

– Порт Курык изначально проектировался как уникальный паромный комплекс, способный одновременно принимать и обрабатывать как автомобильные, так и железнодорожные паромы. Расположение на восточном побережье Каспийского моря предопределило нашу стратегическую роль. Мы обеспечиваем бесповоротные мультимодальные перевозки на огромном плече: от Китая через страны Центральной Азии и Кавказа вплоть до Европы. Сегодня мы видим взрывной рост интереса к альтернативным торговым маршрутам. Значение Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) продолжает увеличиваться, и порт Курык стал одним из главных, незаменимых звеньев этой глобальной транспортной цепочки.

– Расскажите о возможностях порта. Какова его проектная мощность и какие грузы преобладают в структуре перевалки?

– Общая проектная мощность порта составляет шесть миллионов тонн грузов в год. Из них 4,1 миллиона тонн приходится на железнодорожные причалы и 1,9 миллиона тонн – на автомобильные. Что касается номенклатуры, порт универсален. Мы переваливаем нефть и нефтепродукты, удобрения, металлоизделия, химическую продукцию, товары народного потребления (ТНП) и колесную технику. Отдельное и очень важное направление – это агропромышленный сектор. На территории порта частной компанией построен и успешно функционирует современный зерновой терминал проектной мощностью один миллион тонн в год. Весь объем зерновых культур отправляется в направлении портов Ирана, что делает Курык важнейшим хабом для казахстанского экспорта АПК.

– Насколько сейчас действительно этот потенциал?

– На сегодняшний день порт Курык работает примерно на 30% от своей проектной мощности, обеспечивая перевалку на уровне порядка двух миллионов тонн грузов в год. Для нас это не просто цифра, а огромный резерв для роста. Чтобы привлечь новые грузопотоки и задействовать оставшиеся 70%, мы активно инвестируем в модернизацию внутренней инфраструктуры.

– Говоря об инвестициях и инфраструктуре, какие проекты стали ключевыми в 2025 году и за прошедшие пять месяцев 2026 года?

– Наш главный фокус сейчас – это реконструкция и модернизация подъемно-переходных мостов (ППМ № 1 и № 2). Это «сердце» паромного комплекса, от работы которого зависит скорость всей логистики. В марте 2026 года мы официально завершили глубокую

модернизацию ППМ № 1. Результаты превзошли ожидания: время обработки одного паромов сократилось на треть – с 18 до 12 часов. Более того, мы смогли увеличить единовременную загрузку железнодорожных паромов с 40 до 46 вагонов, существенно повысив объем перевалки на каждый судозаход.

– На очереди второй мост?

– Совершенно верно. Сейчас мы уже развернули работы по модернизации ППМ № 2. Цель аналогичная: сократить время погрузочно-разгрузочных операций с 16-18 часов до оптимальных 10-12 часов и нарастить количество одновременно обрабатываемых вагонов до 44-46 единиц. Когда мы сдадим этот объект, порт получит дополнительный прирост пропускной способности и принципиально иное качество сервиса для наших партнеров.

– Каспий бывает суров, особенно в зимний период. Как порт решает вопросы операционной устойчивости?

– Для обеспечения надежной, а главное, бесперебойной работы в любые погодные условия мы реализуем проект по приобретению



